

**ТАСЫМАЛДАУШЫНЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР АЛДЫНДАҒЫ
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ
САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ¹
1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ**

- 1.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және 1 шілде 2003 жыл № 444-ІІ «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (мәтін бойынша әрі қарай – *Заң*) сәйкес және осы тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру Ережелерінің негізінде (мәтін бойынша әрі қарай – *Ережелер*) «АСКО» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (мәтін бойынша әрі қарай – *Сақтандырушы*) заңды және жеке тұлғалармен (мәтін бойынша әрі қарай – *Сақтанушылар*) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру шартын (мәтін бойынша әрі қарай – *сақтандыру шарты*) жасайды.
- 1.2. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру мақсаты сақтандыру төлемін жүзеге асыру арқылы оларды тасымалдау кезінде жолаушылардың мүліктік мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.
- 1.3. Міндетті сақтандыруға қалалық рельсті көлікті қоса алғанда, темір жол, теңіз, ішкі су, әуе, автомобиль көлік құралдарына иелік ететін немесе өзге заң негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақыға немесе жалданып жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушылары-резиденттерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады.
- 1.4. Тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жолаушылар мен олардың мүліктерін тасымалдау үшін пайдаланатын көлік құралдарының әрбір бірлігі бойынша сақтандыруға жатады.

2 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОБЕКТІСІ

- 2.1. Осы Ережелерге сәйкес сақтандыру шарты бойынша сақтандыру объектісі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен бекітілген тасымалдау кезінде жолаушылардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндеттеріне байланысты тасымалдаушының мүліктік мүддесі болып табылады.

¹ 1 қаңтар 2019 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі

3 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

- 3.1. Міндетті сақтандыру бойынша Сақтандыру шартында көрсетілген Сақтандырылушының көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде жәбірленушілер деп танылған тұлғалардың өмірлеріне, денсаулықтарына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянды орнына келтіру бойынша тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау дерегі сақтандыру жағдайы деп танылады.
- 3.2. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген залал оның өлімімен, еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айырылуына байланысты залалдардың материалдық көрінісін қамтиды.
- 3.3. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген залалдың мөлшері тиісті ұйымдар берген құжаттар негізінде Заңға сәйкес анықталады.
- 3.4. Жәбірленушінің мүлкіне келтірілген залал тасымалдаушы тасымалдауға (жүк) қабылдаған және (немесе) жолаушының жанындағы жолаушының мүлкін тасымалдау кезінде шығындалған, толық емес немесе зақымдалған (бүлінген) құнды құрайды.

4 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

- 4.1. Сақтандыру шартында мүліктің тауарлық құны жоғалтуды, сондай-ақ жәбірленушінің тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды орындау (қызмет көрсету) мерзімдерін, келісімшарттар (шарттар) бойынша оның өзге де міндеттемелерін бұзуына байланысты тұрақсыздық айыбын өтеуді қоса алғанда, жәбірленушінің моральдық залал мен жіберіп алған пайдасын шектеуді қоспағанда, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залал салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру қарастырылады.

5 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Сақтандыру сомасы Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туындаған жағдай шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыратын ақша сомасы болып табылады.
- 5.2. Бір сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушының шекті жауапкершілік көлемі әрбір жәбірленушінің өмірі және денсаулығына келтірілген залал және оның салдары үшін төмендегіні құрайды:
 - қаза болу - 5 000 АЕК;
 - мүгедектік тағайындау:
 - I топ – 5 000 АЕК;
 - II топ – 3 500 АЕК;
 - III топ – 2 500 АЕК;
 - Мүгедек бала - 5 000 АЕК;

- мүгедектік анықталмағанда мертігу, жарақат немесе денсаулығына өзге де зақым келу – емханада және (немесе) ауруханада емделуге кеткен нақты шығын мөлшерінде, бірақ 200 айлық есептік көрсеткіштен көп емес.
- әрбір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 250 айлық есептік көрсеткіштен көп емес

6 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Сақтандыру шарты Сақтандырушының сақтандыру полисін электронды нысанда рәсімдеу жолымен құрылады.
Сақтандыру шартын құру үшін Сақтанушының өтініші негіз болып табылады.
- 6.2. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйақысын, ал оны бөліп төлеу кезінде – егер сақтандыру шартының талаптарында өзгеше қарастырылмаса, алғашқы сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
- 6.3. Егер сақтандыру шартында өзгелер қарастырылмаса, сақтандыру сыйақысын Сақтанушы біржолғы төлеммен төлейді
- 6.4. Сақтандырушы сақтандыру шартында сақтандыру сыйақысын бөліп төлеуді қарастыруға құқылы.
- 6.5. Сақтандыру шарты Сақтанушының қалауы бойынша Сақтандырушыға жүгіну не Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

7 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МЕРЗІМІ МЕН ӘРЕКЕТ ЕТУ ОРНЫ

- 7.1. Міндетті сақтандыру шарты осы бөлімнің 7.2. тармағында қарастырылатын жағдайды қоспағанда, ол күшіне енген күннен бастап, он екі ай мерзімінде құрылады.
Сақтандыру шарты сақтандырудың барлық мерзімі ішінде әрекет етеді және алғашқы басталған сақтандыру жағдайы кезінде өзінің әрекетін тоқтатпайды.
- 7.2. Сақтандырушының интернет-қорын пайдалана отырып сақтандыру шартын құрған кезде, егер сақтандыру шартында өзгеше қарастырылмаған болса, Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайда алғашқы сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап Сақтандырушы ұсынған талаптарда осы сақтандыру шартын Сақтанушы құрған болып саналады.
- 7.3. Егер тасымалдаушының жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыру құқығы он екі айдан аз кезең ішінде аяқталатын болса, онда сақтандыру шарты тек осы кезеңге ғана құрылады.
- 7.4. Сақтандыру төлемін кепілдендіру жүйесіне қатысушы - мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының несиегерлерімен (сақтанушыларымен) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын он екі айдан кем мерзімге құруға жол береді.

7.5. Егер Қазақстан Республикасында жасалған халықаралық шартта өзгелер қарастырылмаса, сақтандыру шартының әрекеті Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі

8 БӨЛІМ. САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

8.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) жәбірленушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиян мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;
- 3) Келтірілген зиян мөлшерін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушымен (оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) немесе тәуелсіз сарапшымен жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есебімен танысуға;
- 4) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 5) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Заңның 24-1 бабында қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға, не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 6) өтінішті және қоса тіркеліп отырған құжаттарды сақтандыру омбудсманына жіберу (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-қоры арқылы, немесе Сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілдік);
- 7) Заңмен қарастырылған жағдайда сақтандыру төлемін алуға.

8.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру шартын құру кезінде Сақтандырушыға Заңға сәйкес тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын енгізу үшін қажетті мәліметтерді ұсынуға;
- 2) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеуге;
- 3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап, қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) дереу, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға хабарлауға. Ауызша түрдегі хабарлама кейін (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша расталуы керек.

Сақтанушы мен Сақтандырылушы бір тұлға болып табылмаған жағдайда сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы Сақтандырушыға хабарлау міндеті Сақтандырылушыға жүктеледі. Егер Сақтанушының (Сақтандырылушының) дәлелді себептер бойынша көрсетілген әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаса, оны құжатпен растауы тиіс;

- 4) сақтандыру жағдайы басталған кезде болуы ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда орынды және қолжетімді шаралар, соның ішінде мүлікті құтқару және жәбірленуші адамдарға көмек көрсету шараларын қабылдауға;

5) сақтандыру жағдайы және жәбірленуші тұлғалар туралы олардың құзыретіне қарай тиісті ұйымдарға (жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелеріне, мемлекеттік өртке қарсы қызмет ұйымдарына, жедел медициналық көмек қызметіне, апаттық қызметтерге) хабарлауға;

6) көліктегі сақтандыру жағдайы туралы акт жасау;

7) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

Осы тармақтың 4), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген Сақтанушының міндеттері сақтандыру жағдайы басталған сәтте көлік құралын тікелей жүргізген тұлғаға жүктеледі.

Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін Сақтанушының басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

9 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУШЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушы құқылы:

1) сақтандыру шартын құру кезінде Сақтанушыдан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған мәліметтерден басқа Заңға сәйкес сақтандыру шартына енгізуге қажетті мәліметтерді, оның ішінде тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпараттарды беруді талап етуге;

2) тиісті мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерден олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу дерегін және жәбірленушіге келтірілген зиян мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

3) көлік оқиғаларының себептері мен басқа да жағдайларын анықтау үшін жәбірленушінің бүлінген (жойылған) мүлкіне бағалау жүргізуге;

4) жәбірленушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиян мөлшерін бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшы қызметтерін пайдалануға;

5) Заңда қарастырылған жағдайларда келтірілген зиянға жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын беруге;

6) Заңмен қарастырылған негіздеме бойынша сақтандыру төлемін толық немесе жартылай өтеуден бас тартуға.

Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа да құқықтары қарастырылуы мүмкін.

9.2. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен, оның ішінде тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын тараптардың құқықтары мен міндеттерімен таныстыруға;

- 2) сақтандыру шартын құру кезінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру полисін рәсімдеуге;
- 3) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабарлама кезінде оны дереу тіркеуге және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөніндегі мәліметтерді ұсынуға

сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама алған кезде оны тез арада тіркеуге;

- 4) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама алған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде Сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша келтірілген зиян мөлшеріне бағалау жүргізуге, сақтандыру төлемі мөлшерінің есебін көрсете отырып, сақтандыру актісін құру және оны Пайда алушыға танысуға ұсынуға;
- 5) сақтандыру жағдайының басталу дерегін және Сақтандырушының зиянды өтеу мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жеткіліксіз және (немесе) қате рәсімделген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге бұл туралы хабарлауға;
- 6) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін Заңмен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде жүргізуге;
- 7) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде Сақтанушының (жәбірленушінің, Пайда алушының) талаптарын қарастыруға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге;
- 8) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;
- 9) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында келтірілген шығындарды өтеуге.

Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін Сақтанушының басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

10 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) ӘРЕКЕТІ

- 10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы) міндетті:

- 1) көлік оқиғалары орын алған кезде жәбірленушілер мен жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілеттік ұйымдардың қызметкерлеріне Сақтандырушының атауы мен орналасқан жерін хабарлауға;
- 2) көлік оқиғалары барысында болуы ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін, оның ішінде мүлікті сақтау шаралары және жәбірленуші тұлғаларға көмек көрсету үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қолдануға;
- 3) тиісті ұйымдар мен мекемелерге олардың құзыретіне қарай (жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті ұйымдардың бөлімшелеріне, мемлекеттік өртке қарсы қызмет ұйымдарына, жедел медициналық көмек көрсету қызметіне, апаттық қызметтерге) көлік оқиғалары және жәбірленуші тұлғалар туралы хабарлауға;
- 4) көлік оқиғалары барысында уәкілетті лауазымды тұлғаның жазбаша жолдамасын алған сәттен бастап, дереу, бірақ екі сағаттан кешіктірмей Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес психикалық белсенді заттарды пайдалану және мас күйіндегі деректерді анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуге.

11 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІ

11.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қояды.

Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың мүлкіне келтірілген зиян мөлшерін дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктеледі.

Сақтандырушының талабы бойынша өтініш беруші Сақтандырушының рұқсаты бар мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысандағы құжаттарды қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын Сақтандырушыға ұсынуға міндетті.

11.2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке келесі құжаттар қоса тіркеледі:

- 1) сақтандыру жағдайының басталу дерегін және жәбірленушілерге келтірілген зиян мөлшерін растайтын құжат;
- 2) көліктегі сақтандыру жағдайы туралы тасымалдаушы құрған акт;
- 3) жол жүру билеті немесе оны алмастыратын құжат (тасымалдаушымен расталған билеттерді сату тізімдемесінің немесе билет түбіртегінің көшірмесі), жолаушыларға билет берілген жағдайда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен рәсімделген куәлік айғақтары;

4) Денсаулық сақтау ұйымдарының уақытша еңбекке қабілетсіздік мерзімі туралы анықтама немесе мамандандырылған мекемелердің жәбірленушіге мүгедектік тағайындау туралы анықтаманың көшірмелері – ол анықталған жағдайда;

5) жәбірленушінің қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе хабарлама және Пайда алушының зиянды өтеуге құқығын растайтын құжат (көшірме), - жәбірленуші қайтыс болған жағдайда;

6) жәбірленушінің жоғалған, жетіспейтін немесе бүлінген (жойылған) мүлкінің тізбесі – мүлікке зиян келтірілген жағдайда;

7) сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушы (Сақтандырылушы) келтірген шығыстарды растайтын құжаттар, - олар болған кезде.

Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) электронды нысанда сақтандыру төлемі туралы талапты жіберген жағдайда Сақтандырушы осы анықтаманы электронды нысанда ұсына алады.

Сақтандыру жағдайының басталу дерегін және өтелуге жататын зиян мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде Сақтандырушы оларды қабылдаған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде бұл туралы жеткіліксіз және (немесе) қате рәсімделген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге хабарлайды.

11.3. Сақтандыру жағдайының басталу салдарынан келтірілген зиян мөлшерін Сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша өтініші бойынша Сақтандырушы белгілейді.

Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян оның қайтыс болуына, уақытша немесе тұрақты еңбек қабілеттілігін жоғалтуына байланысты зиянның материалдық көрінісін қамтиды.

Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян мөлшері тиісті ұйымдармен берілген құжаттар негізінде Заңға сәйкес анықталады.

Жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян тасымалдаушының тасымалдауға (жүк) қабылданған және (немесе) жолаушының жанындағы жолаушының мүлкін тасымалдау кезінде жоғалған, жетіспейтін немесе бүлінген (жойылған) құнын қамтиды.

Тасымалдаушының кінәсінен жүктің және (немесе) жолаушының өзінде болған заттар жоғалған, жетіспейтін және (немесе) бүлінген (жойылған) кезде келтірілген зиян мөлшері төмендегідей анықталады:

1) жүк, сондай-ақ жолаушының жанында болған заттар жоғалған немесе жетіспеген жағдайда – жүк және (немесе) жолаушының жанында болған заттар жоғалған немесе жетіспеген күн мөлшерінде;

2) жүк, сондай-ақ жолаушының жанында болған заттар бүлінген (жойылған) жағдайда – олардың құны төмендеген сома мөлшерінде, ал жүктің, сондай-ақ жолаушының жанындағы заттардың бүлінуін қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде – олардың күн мөлшерінде;

3) оның құндылығы туралы хабарландыру бере отырып, тасымалдауға берілген жүк жоғалған жағдайда, - жүктің жарияланған құны мөлшерінде.

11.4. Сақтандырушымен немесе тәуелсіз сарапшымен жүргізілген мүлікке келтірілген зиян мөлшерін бағалау нәтижесімен келіспеген жағдайда

Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші зиянның мөлшерін бағалау үшін басқа тәуелсіз сарапшыға жүгінуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) немесе жәбірленушімен келтірілген шығындарды, егер Сақтандырушымен мойындалған немесе жүргізілген бағалаудың негізділігі мен объективтілігін сот белгілейтін болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қарамастан өтеуге тиіс.

11.5. Егер Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде жоғалған, жетіспейтін немесе бүлінген (жойылған) мүлікке қажетті тексеру және сақтандыру актісін құра отырып, мүлікке келтірілген зиян мөлшеріне бағалау жүргізілмесе, онда Сақтанушы (Сақтандырылушы) не болмаса жәбірленуші тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға және мүлікті қалпына келтіруді (пайдалануды) бастауға құқылы. Бұл ретте, егер оның бүлінген (жойылған) мүлікті уақытылы бағалауының мүмкін еместігі дәлелді себептерге (осы мүлік иесінің қайтыс болуына, сырқаттануына) не болмаса бағалау үшін мүлікті беруден жалтаруға байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің кінәсінің болуына байланысты екенін дәлелдей алмаса, Сақтандырушының мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелеріне дауласуға құқығы жоқ.

12 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Пайда алушы болып жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зияндарды өтеу құқығына ие болушы тұлға), сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Заңмен белгіленген және сақтандыру төлеміне құқығы бар Сақтандырушының жауапкершілігі көлемі шегінде жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеуші өзге тұлға табылады.

12.2. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы осы Ереженің 11 бөлімінде қарастырылған құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізеді.

12.3. Сақтандыру шарты бойынша франшиза бір сақтандыру жағдайы бойынша және әрбір жәбірленуші бойынша айлық есептік көрсеткіштің бес есе мөлшерін құрайды. Келтірілген зиянның мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерінен асып кеткен жағдайда сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.

Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі франшизаны қолданылмай жүзеге асырылады.

12.4. Сақтанушының (Сақтандырылушының) залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында келтірген шығындары, егер мұндай шығындар Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болса немесе жасалған болса, егер тіпті тиісті шаралар табыссыз болса да, Сақтандырушы өтейді.

Мұндай шығындар нақты мөлшерде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығындар өтемақысының жалпы сомасы тасымалдаушы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру

сомасынан аспауы керек. Егер шығындар Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындау салдарынан болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерде өтеледі.

- 12.5. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда жәбірленушіні жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға Сақтандырушы жерлеу шығындарын жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді.
- 12.6. Келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған кезде тасымалдаушы жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері аралығындағы айырманы өтейді.
- 12.7. Пайда алушы сақтандыру төлемінің мөлшеріне қарсы болған жағдайда Сақтандырушы осы бөлімнің 12.2. тармағында белгіленген мерзім ішінде көрсетілген тұлғалардың бірде бірі қарсы болмайтын бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
- 12.8. Сақтандыру төлемінің қарсы болатын бөлігін Сақтандырушы әлемдік келісімге келген және оны сот бекіткен күннен бастап немесе егер сот шешімі дереу орындауға жүгінбесе, осы дау бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлейді.
- 12.9. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкелетін оқиғалар салдарынан жәбірленушінің денсаулығы нашарласа (мүгедектік не мүгедектіктің неғұрлым жоғарғы тобы тағайындалады) не қайтыс болса, онда Сақтандырушы жәбірленушіден (Пайда алушыдан) түскен өтініш және тиісті құжаттар негізінде Заңда белгіленген тәртіпте және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сома есепке алынады.
- 12.10. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушы келесі жағдайларда төленген сома шегінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) кері талап қоюға құқылы:
 - 1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттер салдарынан басталған;
 - 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі олардың көлік құралдарын мас, есірткілік немесе токсикоманиялық күйде басқаруы салдарынан басталған;
 - 3) көлік құралын жүргізген тұлғаның оларды басқаруға құқығы болмаған;
 - 4) сот талқылауы барысында сақтандыру жағдайы Сақтанушы (Сақтандырылушы) білген немесе білуге тиіс көлік құралының техникалық ақаулығы салдарынан болғаны анықталды;
 - 5) көлік құралын оның техникалық қызметіне тән емес мақсаттарда пайдалану;
 - 6) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту бойынша қасақана шаралар қолданбаған кезде.

Егер көрсетілген жағдайларда көлік құралын оның иесімен еңбек қатынастарына байланысты немесе оның иесінің қатысуымен мәміленің жазбаша нысанын рәсімдемей пайдаланылатын тұлға келтірілген зиянға

кінәлі болып табылса, онда Сақтандырушы осы көлік құралының иесіне кері талап қоюға құқылы.

- 12.11. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген залалдарға жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы ауысады.
- 12.12. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тартуға құқылы:
 - 1) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін Пайда алушының қасақана әрекеттері;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған Пайда алушының әрекеттері.
- 12.13. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына да негіз бола алады:
 - 1) Сақтанушы, сақтандырылушы, Пайда алушы залалдың туындауына кінәлі тұлғадан залал үшін тиісті өтемақы алу;
 - 2) Заңда қарастырылмаған жағдайларды қоспағанда сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақытылы хабардар етпеу;
 - 3) жәбірленушінің ақша, бағалы қағаздар, алтын, күміс бұйымдары, бағалы заттар, әшекейлер, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түріндегі мүлкіне зиян келтіру.
- 12.14. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақытылы хабардар етпеу, егер ол дәлелді себептерге байланысты болса және сақтандыру жағдайының басталу дерегін, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды растайтын тиісті құжаттар және мүлік сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін тікелей болған жағдайда бағалау үшін берілсе, сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз бола алмайды.
- 12.15. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:
 - 1) ядролық жарылыс, сәуле тарау немесе радиоактивті зақым әсерлері;
 - 2) әскери әрекеттер;
 - 3) азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс.
- 12.16. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздеме болған кезде Сақтандырушы өтініш пен барлық құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін талап еткен тұлғаға сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тарту туралы тиісті шешімін жазбаша нысанда бас тарту себептерін дәлелді негіздеме және Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу

үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлама түрінде жібереді.

13 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТІН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ

- 13.1. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылған болып саналады:
- 1) әрекет ету мерзімінің өтуі;
 - 2) мерзімінен бұрын тоқтату.
- 13.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841 бабында белгіленген жағдайларда сақтандыру шартының әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылады.

14 БӨЛІМ. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

- 14.1. Сақтандырушы сақтандыру сыйақысын Сақтандырушының интернет-қоры арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілімен төлеу мүмкіндігін ұсынады.
- 14.2. Сақтандырушының қалауы бойынша интернет-қорын пайдалана отырып сақтандыру шартын құрған кезде Сақтанушыға Заңға сәйкес есептелген төленуге жататын сақтандыру сыйақысының он пайызынан аспайтын мөлшерде жеңілдік берілуі мүмкін.

15 БӨЛІМ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 15.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы даулар келіссөздер жолымен, ал келісімге келмеген кезде – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен шешіледі.
- 15.2. Сақтандыру шартынан туындайтын даулар болған кезде Сақтанушы (жәбірленуші, Пайда алушы) Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-қоры арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге не сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-қоры арқылы, не Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі) немесе «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа өтініш жіберуге құқылы.
- 15.3. Сақтандырушы Сақтанушыдан (жәбірленушіден, Пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарастырады және дауды реттеудің кейінгі тәртібін көрсете отырып жазбаша жауапты қайтарады.
- 15.4. Сақтанушы (жәбірленуші, Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының, жәбірленушінің (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрауы бойынша дауды

қарастыруға және шешуге қатысты құжаттарды сұрауды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жеткізуге міндетті.